

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы  
Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы Ережені  
бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 8 қыркүйек N 1243. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.12.07. N 1870 қаулысымен. ~P991870

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы  
Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы  
Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 8 қыркүйектегі  
N 1243 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы  
Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық  
комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы  
Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі -  
Телекоммуникациялар жөніндегі комиссия) Қазақстан Республикасының өзара  
байланысқан телекоммуникация жүйесін құрайтын мемлекеттік және өзге де  
байланыс жүйелерін дамыту және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді  
жүзеге асыратын орган болып табылады.

2. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімдерін, сондай-ақ осы Ереже мен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің нормативтік актілерін басшылыққа алады.

3. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

телекоммуникациялық жүйелерді дамыту және жетілдірудің мемлекеттік және салааралық бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылған байланыс жүйелерінің құрылымын қайта ұйымдастыру, жекешелендіру, өзара іс-қимылы және телекоммуникациялар саласына шетелдік капиталдың қатысуы жөнінде ұсыныстарды қарау.

4. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссия:

республиканың телекоммуникациялық жүйелерін дамытудың және жұмысының негізгі принциптерін айқындайды;

Қазақстан Республикасындағы байланыс жүйесін дамытудың мақсаты мемлекеттік бағдарламаларының жобаларын әзірлеуді үйлестіреді;

салалық, аумақтық мақсатты жобалардың ведомстволық байланыс жүйелерін дамытудың негізгі бағыттарының құндылығын қарайды және басымдықтарды айқындайды;

республикалық маңызы бар байланыс жүйелерін жобалау және салудың техникалық экономикалық негіздемелерін мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келіседі және олардың құрылысының орындылығын айқындайды;

телекоммуникациялар жүйелерінің өзара байланысты бөлігінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті және Ішкі істер министрлігіне байланыс жүйелерін жобалау және салудың техникалық шарттарын келіседі;

өндіріс, сондай-ақ ортақ пайдалану жүйесіндегі қолданылатын телекоммуникациялардың техникалық құралдарын шетелден сатып алу мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне министрліктер мен ведомстволар енгізген ұсыныстарды қарайды және өз ұсыныстарын береді;

байланыс пен қызмет көрсетудің жаңа перспективалық түрлерін құру және дамыту саласында техникалық саясатты қалыптастыру жөнінде зерттеулер

жүргізуді үйлестіреді;

жүйелердің көрсеткіштері мен техникалық байланыс құралдарын пайдалану және стандарттау мәселелері жөнінде халықаралық электр байланысы ұйымдарына енгізу үшін ұсыныстарды қарайды.

5. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссия:

Комиссияның құзырына жататын мәселелер бойынша меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардан, ұйымдардан, мекемелерден, сондай-ақ шетелдіктерді қоса, өзге де заңды және жеке тұлғалардан қажетті ақпарат сұрауға;

мәжілістерде Комиссияның мүшелерін және оның құрамына кірмеген министрліктер мен ведомстволардың жауапты өкілдерін тыңдауға;

байланыс жүйелерін дамыту мен жұмысының белгіленген тәртібінің сақталуын тексеру жөнінде Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының жауапты қызметкерлерін тартып жұмыс топтарын құруға;

ғылыми-зерттеу мекемелерін және оқу орындарын техникалық сараптама, консультация жүргізу үшін комиссияның қарауына жататын және өзге де мәселелерді әзірлеуге олардың келісімімен тартуға құқылы;

6. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссияның өз құзыры шегінде қабылданған шешімдері барлық мемлекеттік органдар мен заңдық тұлғалар үшін ұсыныс сипатында болып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылдануы арқылы жүзеге асырылады.

7. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссияны Комиссияның Төрағасы - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары басқарады.

Комиссияның құрамына комиссия төрағасының орынбасары, сондай-ақ, комиссияның мүшелері - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, Экономика министрлігінің, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің және "Қазақстанның телевизиясы және радиосы" республикалық корпорациясының басшы қызметкерлері кіреді.

Телекоммуникациялар жөніндегі комиссияның шешімімен оның құрамына Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік басқару органдарының өкілдері, сондай-ақ байланыс құралдарын дайындайтын және пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары (олардың орынбасарлары) кеңесуші дауыс құқымен енгізілуі мүмкін.

Телекоммуникациялар жөніндегі комиссияның жұмысшы аппаратының

міндеті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаментіне жүктеледі.

8. Телекоммуникациялар жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары мен комиссияның мүшелерін оның құрамына кіретін ұйымдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

9. Егер мәжіліске комиссия мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, комиссияның мәжілісі заңды болып саналады. Комиссияның шешімдері ашық дауысқа салынып қабылданады және егер мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің жартысынан астамы оларға дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Комиссия мүшелерінің дауысы тең түскен жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.